



«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫ

04 қыркүйек 2023 жыл
№: AIFC-C/CFI/2023/0023 ic

«ФРИДОМ ФИНАНС» АҚ

Талапкер

қарсы

ЕГОР РОМАНИЮК

Жауапкер

ШЫҒЫСТАРДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШІ БОЙЫНША
ЖӘНЕ
ЖАБЫҚ СОТ ТАЛҚЫЛАУЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШІ БОЙЫНША
ШЕШІМ

Сот судьясы:
Судья Сэр Руперт Джексон

ШЫҒЫСТАРДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШІ БОЙЫНША ШЕШІМ

1. Бұл талапкердің «Фридом Финанс» АҚ-ы мен Егор Романюк мырзаның арасындағы ұзақ сот талқылауы шеңберіндегі қарсы талап бойынша шығыстарды қамтамасыз ету туралы өтініші.
2. «Фридом Финанс» АҚ-ның Егор Романюкке қарсы 2022 жылғы АХҚО сотының №20 ісі бойынша бірінші талап бойынша шешім осы жылдың басында менімен шығарылған болатын. Қазіргі таңда екінші талап қаралуда. Екінші талап қою шеңберінде, біріншісіндегідей, талапкер талап қоюшының бастамасы бойынша жауапкер жұмыстан шығарылғаннан кейін Тараптар жасаған жұмыстан босату және шағымдардан босату туралы келісімнің шарттары бойынша оған тиесілі қомақты соманы төлеуді талап етеді. Жауапкер өзінің Шарт талаптарын бұзып отырғанын жоққа шығармайды. Жауапкер мәлімделген соманың төленуге жататынын жоққа шығарады. Аталған істе, алдыңғысынан айырмашылығы, ол жұмыстан босату және шағымдардан босату туралы келісімді жарамсыз деп тану туралы қарсы талап қоюға ниетті.
3. Менің ойымша, қарсы сот ісінде келтірілген дәлелдер (бүгінде оның олардың негізді немесе негізсіз екендігі туралы сұрақ тұрған жоқ) негізінен Қарсылыққа байланысты. Бұл жауапкердің талап қою талаптарына қатысы жоқ қандай да бір құқықтық қорғау құралын талап ете отырып, тәуелсіз қарсы талап қоюы емес. Керісінше, жауапкер бұл іс жүзінде сот ісіне қарсылық білдірудің тағы бір түрі болып табылатын қарсы сот ісін қозғайды. Егер қарсы талап қанағаттандырылса, онда талапкер аталған Шарт бойынша өзіне тиесілі соманы өндіріп ала алмайды.
4. Шығыстарды қамтамасыз ету туралы өтініштер әртүрлі жағдайларда орын алады. Олар көбінесе жергілікті соттардағы сот процестері кезінде пайда болады. Олар аралық іс жүргізу кезінде, сондай-ақ осы сияқты халықаралық коммерциялық соттардағы іс жүргізу кезінде пайда болады.
5. **Lex mercatoria** бөлігі ретінде қалыптасатын белгілі бір жалпы қағидаттар бар, оларды жалпы құқық елдерінде де, континенттік құқық елдерінде де аралық құрамдар мен бүкіл әлемдегі соттар ескереді. Қағидаттардың бірі – жауапкерге талап қойылған кезде, ол өзін талап қоядан қорғаудың тиісті мүмкіншілігіне ие болуы керек және шығындарды қамтамасыз ету туралы бұйрықтар жауапкерге оның Қарсылығын білдіруге кедергі болмауы керек.
6. Қарсы талаптарға қатысты шығыстарды қамтамасыз ету туралы бұйрықтар шығарылуы мүмкін. Мен сотта судья ретінде де, халықаралық аралық іс бойынша төреші ретінде де осындай бұйрықтарды шығардым. Мұндай бұйрықтар тиісті жағдайларда, егер қарсы талап қоюға қарсы іс-қимыл бойынша шығыстар қанағаттандырылатынына күмәндануға негіз болса және егер қарсы талап тәуелсіз талап болып табылса шығарылуы мүмкін.
7. Бұл жағдайда талапкер шығындарды қамтамасыз ету үшін сенімді дәлелдер келтірді. Жауапкер Қазақстанның юрисдикциясынан тыс болып табылады. Сотталушының осы Соттың алдыңғы шешімі бойынша оған тиесілі ақша қаражатының төленгендігі туралы дау бар. Алайда, қазіргі жағдайда Романюк мырзаның қарсы талабы іс жүзінде оның сот ісіне Қарсылығының тағы бір нұсқасы болып табылатындығы талапкерге қиындыққа әкеліп отыр. Егер сот қарсы талап бойынша шығындарды қамтамасыз ету туралы бұйрық шығарса, бұл бұйрық орындалмаған жағдайда, Романюк мырза талап бойынша өзінің толық Қарсылықтарын ұсыну мүмкіндігінен айырылады.

8. Мұндай жағдайларда мен тараптардың істерінің мәніне қатысты ешқандайда нұсқаулық бермеймін. Олар сот процесінде әдеттегідей мен бұрын тыңдаған өте қабілетті екі

адвокаттың көмегімен қаралады. Алайда, Мен бүгін Романюк мырзаның барлық Қарсылықтарын білдіруге кедергі болатын бұйрықты шығармауым керек.

9. Мұндай жағдайларда шығыстарды қамтамасыз ету туралы өтініш қабылданбайды.

ЖАБЫҚ СОТ ТАЛҚЫЛАУЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШІ БОЙЫНША ШЕШІМ

1. Талапкер сот талқылауын жабық режимде жүргізуге өтініш береді. Жауапкер осы өтінішке қарсылық білдіреді.
2. Талапкердің мүддесін қорғайтын Тукулов мырза жауапкердің әрекеттерінің нәтижесінде журналистер талапкердің беделіне нұқсан келтірген мақалаларды жариялап, және талапкердің акциялар бағасының төмендеуіне әкелгенін мәлімдеді. Жауапкердің мүддесін қорғайтын Холод мырза жауапкердің жариялануы мүмкін нәрсе үшін ешқандай жауапкершілік көтермейтінін және осы істе қарастырылған көптеген мәселелердің қоғамның игілігіне айналғанын айтты. Осы себепті тыңдау жүргізуді жабық режимде өткізу ештеңе бермейді. Сонымен қатар, оның айтуынша, өзінің клиенті әрбір тілек білдіруші іс жүргізу барысын тыңдай алу үшін, талқылаудың ашық режимде өтуін қалайды. Шынында да, ашық сот төрелігі соттың қызметі негізделетін маңызды қағида болып табылады, дегенмен сот регламентіне сәйкес тиісті жағдайларда жабық тыңдауды өткізуге бұйрық беру құқығы бар.
3. Мен бұл сот тыңдауларды жабық режимде өткізуге бұйрық беруі керек жағдай деп ойламаймын. Біріншіден, алдыңғы тыңдау жабық режимде өткізілмеген. Мен тыңдауларда сақ болдым және Романюк мырзамен талапкерге қатысты айтылған жалған және жағымсыз пікірлерін оқымадым. Мен тек тиісті құжаттардағы үзінділерге сілтеме жасадым. Осындай рәсімді осы жолы да қабылдауға болады. Өкілге тиісті үзінділерді оқудың қажеті жоқ. Олар жай ғана сотқа тиісті құжаттардағы үзінділерді көрсетіп, ол жерде талапкерге қатысты ашық түрде жасалмауы керек жағымсыз мәлімдемелер бар екенін айта алады.
4. Мен өзімнің алдыңғы шешімімде жағымсыз мәлімдемелерді атап көрсетпедім, тек қана құжаттарға сілтеме жасай отырып, оларды көрсетіп қойдым. Белгілі бір дәрежеде Тараптар арасында туындаған мәселелер әлдеқашан қоғам игілігіне айналды. Тукулов мырза маған талапкерге қатысты көптеген айыптаулар жарияланған «Хинденбург баяндамасы» атты баяндама туралы айтып берді. Бұны дәйексөз етіп отырған жауапкердің өзі ме, әлде жауапкердің пікірлес адамы ма, мен білмеймін. Алайда, Тараптар арасындағы дау әлдеқашан қоғамға белгілі болған. Соңғы іс бойынша сот шығарылған шешім Соттың сайтында орналастырылған.
5. Егер біз келесі тыңдауды жабық режимде өткізсек, бұл күдік туғызар еді. Адамдар: «осы жолы не болып жатыр, соттың ашық отырысты бұрын болғандай өткізуіне не кедергі болды екен?» - деп айтушы еді. Менің, ойымша, жабық сот отырысының берері аз. Соттағы ашық тыңдаулар алдыңғы жолы сияқты өткізілуі мүмкін. Мен сондай-ақ ашық сот төрелігі қағидасына үлкен мән беремін. Егер оларды жабық режимде қарауға нақты дәлелді себептер болмаса, істер ашық сот талқылауында қаралуы керек.
6. Аталған барлық жағдайларды ескере отырып, бұл сот талқылауы ашық сот отырыс режимінде өтуі қажет деп шешім етемін, алайда Талапкердің Талап арызында аталған және Жауапкердің Қарсылығы мен Қарсы талабында болуы мүмкін жағымсыз мәлімдемелер сотта



оқылмауы тиіс. Оларға құжаттардағы бет нөмірі немесе абзац нөмірі бойынша сілтеме жасауға болады. Менің шешімімде дәл осындай тәсіл қолданылады.

7. Жабық сот талқылауын өткізу туралы өтініш қабылданбады.

Сот қабылдады

Сэр Руперт Джексон,
Судья, АХҚО Соты

Өкілдік ету:

Талапкердің атынан Бақыт Түкулов мырза, Tukulov & Kassilgov Litigation LLP, Алматы, Қазақстан Республикасы.

Жауапкер атынан Алексей Холод мырза, «Assistent Plus» Халықаралық Заң фирмасы, Мәскеу, Ресей Федерациясы.